

**"Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 17 ақпандағы N 149 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 маусымдағы N 180 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 01 тамызда N 4739 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы және «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңдарына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. «Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын бекіту туралы» Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 ақпандағы кезектен тыс 25-сессиясының № 149 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4624 нөмірімен тіркелген, аудандық «Қармақшы таңы» газетінің 2014 жылғы 05 сәуірдегі № 26 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

Аталған шешіммен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қ а ғ и д а с ы н д а :

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатуралары қосымшаға сәйкес сандық құрамда бөлек жиы н н ы ң қ а т ы с у ш ы л а р ы ұ с ы н а д ы .

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.».

Аталған қағида осы шешімнің қосымшасына сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а р м а қ ш ы а у д а н д ы қ  
м ә с л и х а т ы н ы ң к е з е к т і

28-сессиясының төрағасы Ә. Дәуленбаев

Қ а р м а қ ш ы а у д а н д ы қ  
м ә с л и х а т ы н ы ң х а т ш ы с ы М. Наятұлы

№ 180 шешіміне қосымша

Бөлек жергілікті қоғамдастық  
жиындарын өткізудің

қағидасына қосымша

**Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатуралары**

р/с	Кент, ауылдық округ атауы	Көшелердің саны	Жергілікті қоғамдастық жиынына әр көшеден қатысатын азаматтар саны	Жалпы қатысатын азаматтар саны
1	Жосалы кенті	117	1	117
2	Төретам кенті	33	2	66
3	Ақай а/о	39	2	78
4	Жосалы а/о	4	5	20
5	Иіркөл а/о	8	5	40
6	Жаңажол а/о	9	5	45
7	III Интернационал а/о	11	3	33
8	Ақтөбе а/о	8	5	40
9	Ақжар а/о	19	3	57
10	Дауылкөл а/о	9	5	45
11	Алдашбай Ахун а/о	8	5	40
12	Қуаңдария а/о	13	3	39
13	Көмекбаев а/о	11	3	33
14	Қармақшы а/о	14	3	42
	Барлығы	303		695

